

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 қараша N 1405. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.19. N 1660 қаулысымен. ~P011660

Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 U952198_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) Заң күші бар Жарлықтарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 шілдедегі N 967 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 278 - құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 987 қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПАҰЖ-ы, 1996 ж., N 33, 313-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 18-тармағы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 қарашадағы
N 1405 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
үшін алым төлеу тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес әзірленді және күшіне енеді.

2. Ереже құрылған, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, олардың филиалдарын және өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алым төлеу мен есептеме жасау, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің дубликатын беру тәртібін белгілейді.

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуге заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестілігін тексеру, оларға заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу нөмірін бере отырып тіркеу куәлігін беру, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік тіркелімге енгізуді қамтиды.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

II. Алым төлеушілер

4. Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын, қайта ұйымдастырылатын және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктері мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеушілер болып табылады.

III. Алым төлеуден босату

5. Тіркеу алымын төлеуден мыналар босатылады:

Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) күшіне енгенге дейін құрылған және Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) көзделген ережелерге сәйкес әділет органдарында қайта тіркелуге жататын заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері;

Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) ресми түрде жарияланғанға дейін Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) көзделмеген ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған және Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған заңды тұлғалар.

ІҮ. Алым ставкалары

6. Бюджеттің қаражатынан қаржыландырылатын құрылған мекемелерді, қазыналық кәсіпорындарды және үй-жай (пәтер) иелері кооперативтерін олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым оны төлеген күнгі қолданылған бір есепті көрсеткіштің мөлшерінде алынады.

балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым, оны төлеген күнгі қолданылған есеп көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінде алынады;

Шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым оны төлеген күнгі қолданылған есепті көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінде алынады.

Өзге де заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым оны төлеген күнгі қолданылған есепті көрсеткіштің жиырма еселенген мөлшерінде алынады.

ЕСКЕРТУ. 2-абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.15.

N 640 қаулысымен. P010640_

Ескерту. 6-тармақтың 3,4-абзацтарының күші 2001 жылғы 4 шілдеден 10 қазанға дейін тоқтатыла тұрсын - ҚР Үкіметінің 2001.06.01. N 751 қаулысымен. P010751_

7. Бюджеттің есебінен қаржыландырылатын мекемелерді, қазыналық кәсіпорындарды және үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің кооперативтерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін алым Ереженің 6-тармағының бірінші абзацында көзделген ставканың 50 проценті, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - 25 проценті мөлшерінде алынады.

Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін алым 50 пайыз, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - Ереженің 6-тармағының үшінші абзацында көзделген ставканың 25 пайызы мөлшерінде алынады.

Шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін

алым Ереженің 6-тармағының екінші абзацында көзделген ставканың 50 проценті, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - 25 проценті мөлшерінде алынады.

Өзге де заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін алым Ереженің 6-тармағының үшінші абзацында көзделген ставканың 50 проценті, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - 25 проценті мөлшерінде алынады.

ЕСКЕРТУ. 6-7-тармақтар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.08.19.

N 1264 қаулысымен. P971264_

ЕСКЕРТУ. 2-абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.15.

N 640 қаулысымен. P010640_

8. Өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу үшін алым алымды төлеген күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алынады.

Ү. Алымды төлеу тәртібі мен мерзімдері

9. Заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу және тіркеу туралы куәліктің дубликатын бергені үшін алымды тіркеу (қайта тіркеу) немесе дубликатты беру туралы өтініш бергенге дейін дербес төлейді.

10. Заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу үшін, сондай-ақ оларға тіркеу туралы куәліктің дубликатын бергені үшін алым жергілікті бюджеттің кірісіне аударым жасауға жатады.

11. Тіркеуші органға заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің дубликатын бергені үшін алым төленгені туралы квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі табыс етіледі.

12. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартқан кезде төленген алым қайтаруға жатпайды.

13. Осы Ереженің 5-тармағында белгіленген жағдайлардан басқа кезде алым сомасын төлемей тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асыруға тыйым салынады.

ҮІ. Жауапкершілік

14. Алымды дұрыс, толық әрі уақтылы төлеу жауапкершілігі төлеушіге жүктеледі.

15. Тіркелмеген заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салынады, ал мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өтпеген қызметтен алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне алынады.

ҮІІ. Заңды тұлғаларды тіркеу үшін алым төлеуге бақылау жасау

16. Бюджетке алымды толық төлеуге және уақтылы аударуға бақылау жасауды тіркеу органдары жүзеге асырады.